

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ-ДА БІЛІМ
АЛУШЫЛАРҒА АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ ЕРЕЖЕСІ»**

Алматы энергетика және байланыс университетінде білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидалары (бұдан әрі -қағидалар) « білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібі.

Академиялық демалыс білім алушыларға:

1) « Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы « Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының 035-1/У нысанына(бұдан әрі-№907 бұйрық) сәйкес амбулаториялық – емханалық ұйым жанындағы ауруы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі дәрігерлік -консультациялық комиссияның (бұдан әрі -ДКК қорытындысы);

2) 907 бұйрықпен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының IV санаты – ТБ 01/У нысанына сәйкес ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымының орталықтандырылған дәрігерлік – консультациялық комиссияның (бұдан әрі - ОДКК) шешімі;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы №28 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14881 болып тіркелген) әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алу Қағидаларының (бұдан әрі-№28 бұйрық) 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әскери қызметке шақырылған жағдайда әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазының негізінде жүзеге асырылады);

4) «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу актілері кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалар негізінде берілетін куәліктердің нысандарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы №9 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10173 болып тіркелген) (бұдан әрі - №9 бұйрық) 8 және 12 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша бала үш жасқа толғанға дейін туу , бала асырап алу туралы куәлік.

Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымы басшының атына өтініш, жеке басын куәландыратын құжатты және негіздеріне қарай тиісті құжаттарды ұсынады.

Құжаттарды қабылдау кезінде институт Директоратының қызметкері көшірмелердің түпнұсқалығын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырып тексереді және түпнұсқаларды өтініш берушіге қайтарады.

Институт Директоратының қызметкері құжаттардың дұрыс еместігі , олардың осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіндігі , тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес пакеті анықталған жағдайларда өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Оң шешім қабылданған жағдайда ұсынылған құжаттардың негізінде білім алушыға басталу және аяқталу мерзімдері көрсетілген академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарылады.

Академиялық демалыс мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш , жеке басын куәландыратын құжатты және осы

мамандық бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігін растайтын құжатты (№907 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша денсаулық сақтау ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДҚК (ОДҚК) анықтамасын ,№28 Бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әскери билетті, №9 Бұйрықтың 8, 12- қосымшаларына сәйкес нысан бойынша туу , бала асырап алу туралы куәлікті) береді .Құжаттарды қабылдау кезінде институт Директоратының қызметкері көшірмелердің түпнұсқалығын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырып тексереді және түпнұсқаларды өтініш берушіге қайтарады.

Ұсынылған құжаттардың негізінде білім алушының мамандығы, курсы және тобы көрсетіле отырып ,академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарылады.

Директордың орынбасары ұсынылған құжаттар негізінде оқу жұмыс жоспарларындағы пәндердің айырмашылығын , оқу курсы анықтайды және білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді , оны Офис регистраторға береді.

Айырмашылықты жою үшін білім алушы ағымдағы оқу сабақтарымен қатар академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады ,оқу тапсырмаларын орындайды, осы пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарында көзделген ағымдағы және мәжілік бақылаудың барлық түрлерін тапсырады , рұқсат алады және аралық аттестаттау кезеңінде не академиялық күнтізбеге сәйкес қосымша жазғы семестрде қорытынды бақылауды тапсырады.

1-қосымша

АЭЖБУ-да студенттерге академиялық
демалыс беру қағидаларына
АЭЖБУ ректоры

_____ /Аты-жөні /

кімнен _____
_____ /Аты-жөні (болған жағдайда)
білім алушы толық /

_____ /білім алушының байланыс деректері /

_____ /мамандығы бойынша
_____ /мамандық атауы/

Өтініш

Осыған байланысты маған академиялық демалыс беруіңізді сұраймын

_____ /себебін көрсетіңіз /

« _____ » _____ 20 _____ жыл.

_____ /қолы/

АЭЖБУ-да студенттерге академиялық демалыс беру қағидаларына
АЭЖБУ ректоры

_____ /Аты-жөні /
кімнен _____
_____ /Аты-жөні (болған жағдайда)
білім алушы толық /
_____ /
_____ /білім алушының байланыс деректері /
_____ /мамандығы бойынша
_____ /мамандық атауы/

Өтініш

Сізден академиялық демалыстан шығуыма байланысты маған оқуымды жалғастыруға рұқсат беруіңізді сұраймын

_____ /себебін көрсетіңіз /

« _____ » _____ 20 _____ ЖЫЛ.

_____ /қолы/

АҚ жөніндегі проректоры

Келісілді:
ТО бастығы

АМД директоры



С. Коньшин

В. Неледва

Р. Мухамеджанова